

ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ГУМАНДЫ, ПАТРИОТТЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі ақпараттық технологиялар, техногенді заман оқушының қалыптасуына үлкен қауіп төндіріп отыр. Бала виртуалды өмірге қауырт араласып, субъект ретінде қоғамнан бөлініп барады. Өз еркіндіктерінен айырылып, адами құндылықтарын, өмірлік ұстанымдарын жоғалтуда. Балалар өз еркімен, өзіндік ой түйсігімен шешім қабылдай алмайды. Бұл жағдай елдің болашағы үшін де қауіпті.

Білім беру ісінде гуманизмнің рөлі мен орнының төмендеп кетуіне бірнеше себептерді келтіріп өтсем болады. Олар: ақпараттық технологияның кері әсері, білім беру ісінің біржақтылығы, үйдегі бала тәрбиесі, діни сауаттылықтың төмендігі. Осы тұста тарих – оқушыларды тікелей гуманизмге, толеранттылыққа, патриотизмге тәрбиелейтін негізгі пән болып табылады.

Қазақ халқының көшпенді өркениеті ешбір халыққа ұқсамайды. Оған ешкім күмән келтіре алмас. Г.К. Шалабаев «Қазақстан тарихи және танымдық тұрғыдан да өз өркениетіне өзіндік ат беруге толық негізі бар» [1, 90], – деген еді. Елімізде осындай ерекше өркениет, халықтық педагогика ерекше дамыған. Біздің ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тәрбие беру үрдісіміздің де ешбір ұлттікіне ұқсамайтыны содан болар.

«Бірақ біз мектепте осы тарихи білімімізді, тәрбиемізді сауатты тұрғыда оқушы бойына қаншалықта дарытып жүрміз?» деген сұрақ туындайды. К.Е. Көшербаевтың ойынша, мектеп оқулықтары – ғылымға кіріспе. Нақ осы мектептің білім беру жүйесінен балада логикалық, яғни ғылыми ойлауы, деңгейлік түсінік қалыптасады. Сол себептен оқулықтардың авторы ретінде



еліміздің ұлы ғалымдары болғаны дұрыс. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамбетов, Қаныш Сатбаев оқулық дайындауды өзінің кәсіби міндеті мен құндылығы ретінде қабылдаған.

Алайда бүгінде «отандық оқулықтар асығыс түрде, арнайы дайындықсыз, тексерусіз дайындалады. Қазақстанда оқу-әдістемелік әдебиеттерінің мониторингі жүйеге келтірілмеген. Десек те бұл ғылымның (оқулықтар басылымы) 200 жылдан асатын әлемдік тарихы бар» [2, 15]. 2013 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығындағы «XX ғасырдың 1946-1980 ж. мәдениеті» атты тақырыпта «Қыз Жібек» киносының режиссері – Ш. Айманов», – деп қате жазылған. Сонымен қатар 2014 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан, 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының «Моғолстан мемлекеті» тақырыбында бірқатар қате көрсетілген деректер бар, 10-сынып оқулығында сақтар жайлы кейбір деректер қате келтірілген. Осындай өрескел қателіктер бүгінгі оқу құралдарында көптеп кездесуде. Осы тұста Елбасы Н.

Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»[3], – деп тарихты оқытудың маңызын көрсеткен болатын. Ал осындай қате оқулықтар және білім беру ісінің біржақтылығы, яғни тарих сабақтарында мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстың аздығы, білім беру жүйесінде қағазбастылықтың көптігі, қағаздан босаған уақытында бағдарлама бойынша біржақты тек білім беру, білім берудің өзінде тестіге дайындық түрінде жүргізеді, себебі оқушы білімі мен мұғалім жұмысы сол қағаз бен тесттің нәтижесіне байланысты болып тұр.

Көкөтебе орта мектебі оқушыларынан «Тарихи білім берудің қалай жүргізілуін қалайсыңдар: теориялық тұрғыда кітап арқылы ғана ма, практикалық тұрғыда музейге саяхат, археологиялық қазба жұмысына қатысу не болмаса тарихи мәдени аймақтарда дәрістер жүргізу арқылы ма?» деген сауалға

98%, яғни сұралған 472 оқушының 467-сі «практикалық тұрғыда», – деп жауап берді. Аталмыш сауалнама қорытындысына сәйкес былтырғы оқу жылынан бастап оқушыларға тарихи білім беруде «Есік» тарихи-мәдени қорық музейімен және Есік археологиялық өлкетану музейімен бірлескен бірқатар жұмыстарды бастадық.

2016-2017 оқу жылының мамыр айында 8-9-сынып оқушылары белгілі археолог Бекмұхамбет Нұрмұханбетовтің құрметіне арналған «Нұрмұханбетов экскавэйшонс» атты «Бекен ата» қоғамдық қорымен «Есік» тарихи-мәдени қорық музейі ұйымдастырған археологиялық қазба жұмыстарына қатысқан болатын. Оқушыларды археологиялық қазба жұмыстарға қатыстырудағы басты мақсат – сақ бабаларымыздан қалған тарихи мұра-мызды құрметтеуге, археологиялық жұмыстардың қыр-сырын таныту, белгілі археолог Б. Нұрмұханбетов жайлы айта отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Оқушылар екі күн бойы қазба жұмыстарға қатысып, тарихты мұғалім дәрісінен ғана тыңдамай, көздерімен көріп, қолдарымен ұстап сезіне білді.

Сонымен қатар былтырғы оқу жылында Есік археологиялық өлкетану музейімен бірлесе отырып, мектепті үздік аяқтаған оқушыларға арналған Алматы облысының музейлеріне бір күндік топ саяхат ұйымдастырылды. Саяхат барысында облысымыздың 4 музейі қамтылып өтті. Саяхатымызды бірінші Қарасай ауданында орналасқан «Анаға құрмет» музейімен бастадық. Екінші – Қарасай аудандық тарихи-өлкетану музейін тамашалады. Үшінші – Жамбыл ауданында орналасқан Жамбыл Жабаев әдеби ескерткіш музейіне сапар шекті. Саяхатымызды Сүйінбай Аронұлының әдеби ескерткіш музейімен аяқтадық. Бұның өзі оқушыларға керемет әсер қалдырды.

Биылғы оқу жылында жұмысымызды одан әрі жалғастырып, Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану



жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі»[3], – деп көрсеткеніндей, біз «Есік» тарихи-мәдени қорық музейімен бірлесе отырып, 7-сынып оқушыларына арнап «Өлкетану» қосымша факультативтік оқу курсы аштық. Мақсаты: қорық музейге саяхат жасай отырып, жасөспірімдерді өзінің тұрып жатқан өлкесінің тарихымен таныстыру, өз еліне деген құрметін арттыру, отансүйгіштікке баулу. Туған өлкемізде мекен еткен сақ-үйсін тайпаларының мәдениеті мен тарихы жайлы ақпарат беру. Оқытуда осы мақсатқа жету үшін алдымызға мынандай міндеттерді қойдық:

1. Оқушылардың тарих кітабынан оқығандарын көзбен көрсетіп, қолмен ұстату, оқушылардың тарихи фактілер мен құбылыстарды талдап қорыту, тарихи оқиғалардың мақсаты мен мәнін анықтай білу, оның маңызын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру;

2. Оқушыларды тарихи оқиғалар мен мәдениеттің ерекшеліктері мен салаларын, сондай-ақ тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру, мәдени мұраларға деген қызығушылықтарын қалыптастыру;

3. Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты іздестіру арқылы өзіндік жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру.

Қосымша факультативтік оқу курсы айына бір рет, жылына 9 сағат жүргізіледі.

Осындай дәстүрлі емес сабақтарды өткізу нәтижесінде оқушылардың көзқарасы өзгерді, достық, ынтымақтастық қарым-қатынас көбейіп, ой өрістері жетілді, еліне, туған өлкесіне, тарихына деген құрметі арта түсті.

АЙТБАЕВ Думан Дәулетханұлы,
Гуманитарлық ғылымдар магистрі
«Рақат ауылдық округі №1 орта мектеп» КММ тарих пәнінің мұғалімі

Пайдаланылған әдебиет:

1. Шалабаева Г.К. К вопросу о цивилизационной принадлежности Казахстана // Аль-Фараби. – 2003. - № 1. - С. 82-93.
2. Кушербаев К. Е. Приоритетное направление развития образования и науки на ближайший период // Высшая школа Казахстана. – 2000. - №1. - С. 15-22.
3. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

АННОТАЦИЯ

Магистр гуманитарных наук, преподаватель истории Д. Айтбаев в своей статье рассматривает феномен гуманизма на основе учета культурных и исторических проявлений как выражение и свидетельство определенного цивилизационно-исторического опыта. Автор пишет, что исторические знания включают в себя познание самой исторической науки: ее содержания, способов работы с историческим материалом, теоретических и методологических основ. В процессе обучения ученики овладевают элементами исторических знаний, оперируя такими категориями, как факт, событие, явление, процесс.